

## Сарыағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-205-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 қаңтарда № 31602 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*С. Таскулов*